

2021 жылға арналған Мұғалжар ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 396 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 желтоқсанда № 7835 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9, 27 баптарына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы", нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14010 болып тіркелген бұйрығына сәйкес, Мұғалжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2021 жылға арналған Мұғалжар ауданы бойынша ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота:

елуден жүз адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

жүз бірден екі жүз елу адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

екі жүз елу бір артық адам – жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде ұйымдар бөлінісінде қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Мұғалжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көрсетілген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Мұғалжар ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар ауданының әкімі

А. Шерияданов

Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2020
жылғы 24 желтоқсандағы № 396
қаулысына қосымша

2021 жылға арналған Мұғалжар ауданы бойынша мүгедектері үшін ұйымдар бөлінісінде жұмыс орындарына квота

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 16 наурыздағы № 72 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (жұмыскерлердің тізімдік санынан %)	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	"Ақтөбе мұнай маш комплект" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	111	3%	3
2	"Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мұғалжар аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	103	3%	3
3	"Кентавр" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	63	2%	1
4	"Мұғалжар аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ембіжылу" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны	53	2%	1
5	"Силикат-А" жауапкершілігі	51	2%	1

	шектеулі серіктестігі			
6	"Көктас" акционерлік қоғамы	52	2%	1
7	"Мұғалжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	63	2%	1
8	"AltynEx Company" акционерлік қоғамы	100	2%	2
9	"Вернал Ойл Казахстан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	60	2%	1
10	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	51	2%	1
11	Жеке медициналық мекеме "Шапағат" ауруханасы"	84	2%	2
12	"Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ембі аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	65	2%	1
13	"Мұғалжар аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жанындағы шаруашылық жүргізу	100		2

	кұқығындағы " Коммуналшы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны		2%	
14	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің " Күншуақ" бөбекжай – бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	56	2%	1
15	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Самал " бөбекжай – бақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	52	2%	1
16	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№1 Ембі қалалық жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	119	3%	4
17	"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің " Қарлығаш" бөбекжай –бақшасы " мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	54	2%	1

18	"Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мұғалжар аудандық ветеринариялық стансасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	74	2%	1
19	"Ақтөбе облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Қандыағаш қаласының мамандандырылған балалар жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	54	2%	1
20	"Мұғалжар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мұғалжар аудандық мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	83	2%	2